

Сыр бойы



17

қазан
бейсенбі

2013 ЖЫЛ
№ 154 (18653)

Қызылорда облыстық газеті

1929 жылдың
1 шілдесінен шығады

www.syrboyi.kz



Сыр мен Арқа сырласатын



● МЕМОРАНДУМ

ӨНДІРІСТІ ӨҢІРМЕН БАЙЛАНЫС АРТАДЫ

Қарағанды облысының мәдениет және өнер күндері аясында Қызылорда және Қарағанды облыстары әкімдіктері арасында өзара ынтымақтастық және аймақтар байланысын дамыту жөнінде меморандумға қол қойылды.

«Бүл келісім екі аймақтың даму шеңберін кеңейте түседі, – деді облыс әкімі Қырымбек Көшербаев. – Қарағанды облысы еліміздегі индустриалды және өндірістік даму бағытындағы ірі аймақтың бірінен саналады. Сондықтан да, екі облыс арасында бірге жұмыс істеудің тетіктері көп. Соның ішінде, ең бастысы, бүгінде «Бейнеу-Шымкент» газ құбыры салынууда. Сондай-ақ, «Сексеуіл-Жезқазған» темір жолының құрылысы жүргізілуде. Негізгі біздің облыс алдағы уақытта металлургия саласын дамытуға бет бұрып отыр. Сондықтан да Қарағанды облысынан біздің үйренеріміз көп. Дегенмен де, Сыр өңірі тарихи байлыққа зор өлке. Соның ішінде біз Байқоңыр ғарыштық кешенін

дамытуды қолға алып отырмыз. Осы кешенді дамыту арқылы біз облысты дамытуды жаңа деңгейге көтереміз. Өз кезегінде Қарағанды облысының әкімі Бауыржан Әбдішев екі облыстың ықпалдастық жағдайда жұмыс істейтінін айтып өтті. Қарағанды Қазақстандағы көмір бассейні саналады. Мұнда өндіріспен қатар өнердің дамуы да жақсы жолға қойылған. Мұнан бөлек, облыс аумағында жерасты байлығын игеруде көптеген мүмкіндіктер бар. Соның ішінде көмір, мыс, марганец секілді көптеген өндірістер бар.

Екі облыс әкімінің қол қойған меморандумы облысаралық өзара экономикалық, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт секілді басқа да салаларға бірге жұмыс істеуге бағытталды.

Айғали ҚАРАБАЛАЕВ.

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ҰНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Сыр өліндегі Қарағанды облысының өнері мен мәдениеті күндері аясында Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университет пен Қарағанды мемлекеттік техникалық университет арасында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Құжатқа қол қою рәсіміне Қызылорда және Қарағанды облыстары әкімдерінің орынбасарлары Ақмарал Әкмарал Мұхамбетов, облыстық мәслихат депутаттары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен профессорлары, ғалымдар қатысты. Алдымен екі оқу орнының басшылары Қылышбай Бекенов пен Арыстан Ғазалиев университет тарихы, маман даярлаудағы заманауи талаптар үдеінен шығу үшін атқарылып жатқан жұмыстар туралы қысқаша мәлімет ұсынды.

Қорқыт ата университеті – тек қана облыс аумағына ғана емес республикаға танымал білім мен өнердің қара-шаңырағы. Өткен жылы 75 жылдық белестен асқан оқу орны инновациялық идеялардың ұстаханасына айналды. Университет 2005 жылы Орталық Азия елдерінің ішінде алғашқылардың қатарында Болон декларациясына, университеттердің ұлы Хартиясына қол қойған. Еуразия-Тынық Мұхиты универ-ситеттер желісінің, жалпыеуропалық және еуразиялық университеттер

ассоциациясының толыққанды мүшесі. Бүгінде мұнда 10 мыңнан астам студент оқиды. Оларға ғылым доктор-лары мен ғылым кандидаттары, ма-гистрлер қолға береді. Сыр еліндегі білім мен ғылымның, өнердің қара-шаңырағы өз түлектері – Кеңес Ода-ғының Батыры Иван Журабаны, Халық қаһарманы Роза Бағланованы, ака-демик ғалымдар Досмұхамед Кіші-бековті, Әбдімәлік Нысанбаевты, Рах-маңкүл Бердібаевты, Нәдір Нәдіровті, олимпиаданың екі дүркін чемпионы Илья Ильинді мақтан тұтады. Сондай-ақ, оқу орны Канаданың, Американың, Францияның, Ұлыбританияның ғылыми орталықтарымен тығыз ынтымақ-тастық байланыста жұмыс істейді.

ҚармТУ-дың да тарихы тым тереңде. Биыл 60 жылдық мерейтойын атап өткен. Еңбек нарығына қажетті жоғары білімді техникалық маман-дарды дайындауда қалыптасқан оқу базасы, педагогикалық кадрлары, өз дәстүрі бар. Сонымен бірге, мұнда республикадағы қоры жағынан ең бай кітапхана жұмыс істейді. Мамандар

даярлауда жоғары сапаға қол жет-кізгені үшін бірнеше халықаралық сыйлықтарға ие болған. Мұндағы білім беру үрдісі халықаралық сапа стандартының талаптарына сай келеді. Түйіндеп айтқанда, екі оқу орнының бір-бірінен үйренері, бөлсері көп.

Рәсімде Қызылорда мен Қара-ғанды облыстары әкімдерінің орын-басарлары университеттердің еңбек ұжымдары мен профессор-оқыту-шыларын екі білім ошағы үшін де маңызды болып саналатын меморан-думға қол қойылуымен құттықтады. Елбасының техникалық кадрлар дайындау, оларды еңбек нарығын-дағы бос орындарға жұмысқа орна-ластыру туралы тапсырмасының маңызы түсіндірілді. Бұрынғыдағы түлек-тердің экономист, юрист мамандық-тарын таңдауы үрдіс болса, соңғы жылдары техникалық мамандықтарға көңіл қоюшылар қатары көбейіп келеді.

Рәсім бөлім аяқталған соң қонақ-тар Қорқыт ата университетінің «Тәуел-сіз Қазақстан және Мемлекет бас-шысы» атты көрме залын, Қарағанды мемлекеттік техникалық универси-тетінің ғылыми-әдістемелік көрмесін тамашалады.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.



Өткен жексенбінің көшінде Н.Бөкежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында қарағандылық өнер шеберлерінің «Сарыарқа – сойран өлім» атты мерекелік концерті өтті.

Қарағанды облысының Қызылорда облысындағы мәдениет және өнері күндері аясындағы іс-шаралар бағдар-ламасының бөташары «Қазынасы қаза-ғымын» – Қарағанды деректі фильмин көрсетумен басталды. Онда қазақтың байтақ даласының қақ ортасынан орын тепкен тарихы бай, көшпелілердің ежелгі мәдениетінің мәйегі сақталған қазыналы аймақтың кешегі мен бүгінгі егжей-тегжейлі қамтылған екен.

Бұдан соң сахна теріне көтерілген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Сарыарқа терінен арнайы келген мәрте-белі меймандарға шығармашылық та-быс тілеп, Сыр еліндегі сапарларын-а сәттілік білдірді. Қарағанды облысының әкімі Бауыржан Әбдішев кенді өлкенің

мәдениет және өнер күндеріне көр-сеткен қолдауы үшін ризашылық сезімін жеткізді. Аймақ басшылары Қырымбек Елеуұлы мен Бауыржан Түйтеулы соң өңірдің брендін айнал-ған ескерткіш сыйлықтар алмасты.

Мерекелік концерт белгілі айтыс ақыны, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Аманжол Әлтайдың ар-науымен ашылды. Келесі кезекте Қазақстанның еңбек сіңірген қайрат-керлері Мейрхан Адамбеков пен Жақсыкелді Кемалов, Мәдениет қайраткері Дәуренбек Аренов, рес-публикалық және халықаралық кон-курс-тардың лауреаттары Сержан Мұсайын мен Сырым Хордин Сыр-арқаның сал-серілерінің өңдерін шы-

найы шеберлікпен жеткізе білді. Әсіресе, шерпте күйдің атасы Тәттімбет атын-дағы академиялық ұлт-аспаптар ор-кестрінің өнеріне көрермендер ерекше қошемет білдірді. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, дирижер Әбдуға-лысын Шоқанбаевтың жетекшілігіндегі өнер ұжымы орындаған күй атасы Құр-манғазының «Сарыарқа», Тәттімбеттің «Сарыжайлау», Өлшекейдің «Теріс қақпай» күйлері театр ішін кернеп кетті. Қызылордалық көрермендер кө-теріңкі көңіл сыйлаған Мәдениет қайраткері Меруеш Башай, халық-аралық фестивалдардың лауреаты Мунира Мұқажанова, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Талғат Ыдырысов, республикалық конкур-стардың лауреаты Ерікгіт Оспанханов, сондай-ақ, Академиялық музыкалы комедия театры әртістері орындаған И.Штраус, И.Кальман, Дж. Верди,

Ф.Легар, Е.Брусиловскийдің класси-калық шығармаларынан попурири, Гүлнар Омарованың жетекшілігіндегі «Солпан» үлгілі би ансамблінің «Сал-танат», «Келіншек» билері, Әсет Әбділін жетекшілік жасайтын «Шыңдауыл» ұрмалы аспаптар ансамблінің Арам Хачатуряның «Танец с саблями» және «Көшпенділер» музыкалық көркемдік композициясына дан риза болысты.

Мерекелік концерт Тәттімбет атын-дағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрінің сүйемелдеуімен Сержан Мұсайын және концерттік бағ-дарламаға барлық қатысушылардың орындауындағы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзіне жазылған Бекболат Тілеуханның «Елім менің» әнімен аяқталды.

Мәдени шара Орталық алаңдағы «Сәлем саған, Сыр елі!» атты шоу-концертке жалғасып, оташуға ұласты.

Қарағанды облысының мәдениет және өнері күндерінің бағдарламасы ертеңіне, 14 қазан күні одан әрі жалғасты. Түске дейін Н.Бөкежанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында Қарағандының С.Сейфуллин атындағы қазақ драма театрының балаларға арналған «Қожа мен спорт» қойылымы сахналанса, Тәттімбет атындағы академиялық ұлт-аспаптар оркестрі Шиелі ауданы, «Жарқын» би ансамблі мен жеке орындаушылар Сырдария ауданының жұртшылығына өз өнерлерін паш етті. Ал Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студент-тер сарайында «Джаз» оркестрінің кон-церті болса, кешкілік Н.Бөкежанов атын-дағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында С.Сейфуллин атын-дағы қазақ драма театры «Қаракөз» қойылымы көрермендер талқысына ұсынды.

Мәдениет күндері аясында қара-ғандылықтар Сырдария және Шиелі аудандарында өнер көрсетті.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● КӨРМЕ

ӨРКЕНИЕТТІҢ АЛТЫН БЕСІГІ

Қарағанды облысының мәдениет және өнер күндері аясында Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Сарыарқа-далалық өркениеттің алтын бесігі» атты көрме ұйымдасты-рылды. Оның ашылу рәсіміне облыс әкімінің орын-басары Ақмарал Әлжанарова және Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Бейсенбай Жұмабеков қатысып, екі өңірдің мәдени, рухани байланысын арттыратын мұндай ігі шараның маңызы зор екенін айтты.

Көрмеде Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану және өнер музейінің қорында жинақталған құнды

экспонаттар, 40-қа жуық сурет қойылды. Сонымен қатар, қазақ халқы қолөнерінің әсем үлгі нұсқалары мен қылықалым шеберлерінің қайталанбас туындылары, археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған құнды жәдігерлер орын алды. Шараны тамашалауға қала жұртшылығы, мәдениет саласының мамандары, қоғамдық ұйымдар мен мәдениет орталықтарының мүшелері, студенттер мен оқушылар қатысты.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

ЕЛГЕ ҰЛГІЛІ АУЫЛДА

Қазақ елінің байтақ даласының қақ ортасына қоныс тепкен Қарағанды облысының күндері Сыр өлінде тобыспен өтті. Тарихы бай көмірлі Қарағандының экономикалық қарымы қарашайты өсіп-өніп келеді.

Шежірелі Сыр еліне арнайы ат басын бұрған қарағандылықтарды облыс әкімі Бауыржан Әбдішев басқарып келген болатын. Қадірлі қонақтарды құшақ жау қарсы алған облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Қарағанды облысының әкімі Бауыржан Әбдішев Сырдария ауданына қарасты өркенді де өнегелі Нағи Илиясов ауылының көркіт келбетімен таныстырды.

Іссапар барысында облыс әкімі Қ.Көшербаев мәртебелі меймандар ауылдың бүгінгі бейнесін егжей-тегжейлі таныстырды. Саралап айтар болсақ, бұл ауылдың игретесі сонау 1928-ші жылы «Ақпалкөк» колхозы атауымен шаңырағын көтерген. Бүгінде бұл ауылдың жер көлемі 17549 гектар алқапты алып жатса, осыған жердің 13129 гектары ауыл

шаруашылығы өнімдерін өндіруге бағытталған. Биылғы жылы 5705 гектар жерге түрлі дақыл егілді. Ауыл тұрғындарының меншіктерінде 2113 бас мүйізді ірі қара, 649 бас жылқы, 1957 бас қой мен ешкі төрт түлік малы бар. Сыр аймағының айшықты да ажарлы ауыл тұрғындарының тұрмыс-тіршіліктері де жыл өткен сайын жақсарып келеді. Ауыл тұрғындарының несібесін молайтуға Дархан Ералиев басқаратын «Мажан и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мен Абзал Ералиев басқаратын «Абзал и К» толық серіктестігі субелі үлестерін қосып келеді. Маусым қорытындысында «Мажан и К» ЖШС Сыр аймағының көш басына шықты.

2-бет

ЖАҢА ЭЛЕКТРОНДЫҚ НҰСҚАМЫЗ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

www.syrboyi.kz сайтынан оқи аласыздар



тарих беттеріне қатталған облыстық «Сыр бойы» газеті әрдайым жаналықтың алды болуға күш салады. Осыдан төрт жылдай бұрын басылым біздің өңірде алғашқының бірі болып өзінің электрондық нұсқасын жаналдық жөлі беттеріне шығарғанын оқырман жақсы біледі. Осы уақыт аралығында интернет әлемі де қарыштап дамып, қаншама тың жобаларды дүниеге алып келді. Жаналыққа жаны құштар жұрт компьютер тетігін қозғай отырып, жер-жаңадан оқиғалардан жан-жақты хабар алатын жағдайға жетті. Мәселен, әрбір оқиға барысынан суреттер мен бейнематериалдар беріледі. Мұндай талаптар біздің өмірімізге де ене бастады.

Міне, облыстық «Сыр бойы» газетінің электрондық нұсқасы жаныаша көптепке ие болып, бүгіннен бастап қолбелгісіз қызмет көрсетуді қолға алып отыр. Оның бұрынғы нұсқасынан айырмашылығы қандай? Ілгеріде оқырман қауым басылымның қағаздық нұсқасына шыққан материалдармен ғана таныса алатын еді. Енді оған қоса PDF нұсқасы да қоса беріледі. Онда оқырман газеттің қағаздық нұсқасымен электрондық түрде танысуға мүмкіндік алады. Сондай-ақ, бейнематериалдар бөлімінде облыста болған оқиғаларды көріп тамашалауға болады. Ал «Суреттер сөйлейді» тақырыбымен облыстағы әрбір соны ақпараттар суреттер күйінде беріледі. Тағы бір атап өтерілі, бүгінгі болған оқиғалар көп ұзамай «Желел жаналықтар» айлары бойынша газеттің электрондық нұсқасында оқырманға жол тартады. Алдағы уақытта өзге де тың идеяларды жүзеге асыруда ойластырып отырмыз. Оған төрелікті өздеріңіз айтасыздар, құрметті оқырман.

Сейсенбі күні таңертеңгі сағат сегіз жарымда өліміздің өзге өңірлері сияқты облысымыздың мешіттерінде де Айт намазы оқылды.

Ұлық, тереке ұлықтанды

Күллі мұсылман қауымының Ұлық мерекесі саналатын Құрбан айттың алғашқы күні, яғни 15 қазанда «Ақмешіт-Сырдария» орталық мешітіне келушілер өте көп болды. Қасиетті Құран-Кәрімде жыл мезгілінің ең қадірлі күні – Құрбан айттың алғашқы күні екені айтылған. Араб тілінде «жақындау» деген мағынаны білдіретін осы күні ісі мұсылман өзі жасаған сауапты істері арқылы жүрегін тазартып, Аллаһқа бір табан жақындай түсетіні хақ.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының өкіл имамы, орталық мешіттің бас имамы Талғат Омаров бастаған дін өкілдері жиналған жамағатқа уағыз айтып, құлшылық жасаудың түпкі мәні – Жаратушы сияң жарлығына бағынып, оның ризылығына ұмтылу және сауап жинау екендігін жеткізді.

Облыстың бас имамы Талғат Сейткерімұлы Айт намазын оқып, жиналған жамағаттың Ұлық мерекесіне ниеттерінің қабыл болуын тіледі.


Қадірлі мерекесіне арнайы келген облыс әкімі Қырымбек Көшербаев күллі жамағатты Құрбан айт мейрамымен құттықтады. – Еліміз тәуелсіздік алғалы бері халқымыздың дінге деген бетбұрысы көңіл қуантады, – деді Қырымбек Елеуұлы. – Бұл бағыттағы сауапты істерге арқашан қамқорлық жасала беретіндігін жеткізген аймақ басшысы осынау имандылық шарасына келіп отырған ардақты ағаларға, ақ жаулықты аналарға, сондай-ақ жастарға обастарында береке-бірлік орнауын, Ұлық мерекесіне ниеттерінің қабыл болуын білдірді.

Бұл күні айт мерекесіне орай мешітте тұрмыс төмен отбасылар мен мүгедектерге қайырымдылық шаралары көрсетілді. Сондай-ақ спорттың арқан тарту, гир көтеру, қол күресі түрлерінен сайыстар өткізілді.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ

Қызылорда облыстық мәсли-хатының кезектен тыс 20 сессиясы 2013 жылғы 22 қазанда сағат 15.00-де облыстық мәслихат аппаратының мәжіліс залында ашылады және сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады: 1. «2013-2015 жылдарға ар-



жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту туралы.

3. Қызылорда қаласының шека-расын (шегін) өзгерту туралы.

4. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы 2013 жылғы 22 қазанда сағат 11.00-де өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

ЕЛГЕ ҮЛГІЛІ АУЫЛДА

Сапар барысында алдымен №132 Т.Айтаев атындағы орта мектепте аялдаған Қарағанды мен Қызылорда облысының басшыларына мектеп директоры білім ордасы жайлы баяндап берді. 640 оқушыға саналы тәрбие мен сапалы білім беретін білім ордасының бүгінгі тіршілік-тынысы айтарлықтай екен.

— Биылғы жылы, — делі облыс әкімі К.Көшербаев, — облыс аймағында 20 білім ордасы шаңырақ көтерсе, келесі жылы 24 мектеп салынбақ.

Мәртебелі мейман мұнан соң іргесін күні кеше көтерген ауылдық мәдениет үйінің жай-жапсарымен танысты. Осы мәдениет үйінде Белкөл ауылының әжелер өн-би ансамблінің ақ жаулықты аналары конатарға өз өнерлерін тарту етті. Салтанатты шара соңында К.Көшербаев қариялардың өнерлеріне аса риза болғандығын айтып, олардың немере-шөбере қызықтарына кенеле берулеріне шынайы тілектестігін жеткізді.

Келесі кезекте меймандар соулетті

сауда үйінде болып, ел несібесіне ұсынылып отырған азық-түлік, киім-кешек пен тұрмыстық бұйымдармен танысты. Тссапар соңында ажарлы да базарлы ауылдың келбетін көрген Қарағанды облысының әкімі Б.Әбдішев бұл ауылдың бүгінгі бейнесіне риза болғанын айтты.

— Ауыл тұрғындарының ауыз суы мен аяқ суы шешілген, жасыл желек пен гүл шоқтарына 12 көшесі оранған бұл ауылмен елімізде тең келер ауыл жоқ болар, сірә, — деген мейман басышы шежірелі Сыр елінің келешегі кемелдене түсетініне тілектестігін жеткізді.

Еркін ӘБІЛ.
Сырдария ауданы,
Н.Лиясов ауылы.

ЕСКІ ШЕЖІРЕ ЗЕРТТЕЛІП, ЖАҢА ЖОБА ІСКЕ АСАДЫ

Аптаның жексенбісі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев іссапармен Жаңақорған ауданын аралады. Аймақ басшысымен бірге осы күндері Сыр өңірінде мәдени күндері өтіп жатқан Қарағанды облысының әкімі Бауыржан Әбдішев те бірге болды.



Олар әуелі Сығанақ қаласының орнында жүргізіліп жатқан қайта жаңғырту-құрылыс жұмыстарымен танысты. Республикалық маңызы бар тарихи және мәдениет ескерткіштерінің көмбесі бар деп есептелетін көне қала орны қазір мемлекет қарауына алынып, онда, кең ауқымда жұмыстар атқарылып жатыр. Тарихи деректер ХІ-ХІІІ ғасырларда Қыпшақ хандығының орталығы болған аталмыш Сығанақ қаласы кейіннен әлемге үстемдік жасаған Алтын Орданың қарауында болған. Қазак хандығының орталығы ретінде XV-XVII ғасырларда ерекше маңызға ие.

Орта Азия мен Сыр бойын жалғастырып жатқан Сығанақ сауданың дамуы мен қолөнердің өркен жаюына үлкен әсер еткендігімен де белгілі. Кейінгі зерттеушілердің тынымсыз еңбегінің нәтижесінде мұнда 15 мұнаралы қорған болғандығы анықталды. Қала орнының айналасындағы түрлі көлемдегі құрылыс орындары мен үйінділердің жалпы нобайы белгілі болғанымен, олардың ішіне бүккен сыры жетерлік. Міне, ескі шежіренің кейінгі ұрпаққа жетуі үшін, Мемлекет басшысының «Мәдени мұра» бағдарламасына сай тиянақты жұмыс жүргізілуі қажеттігін облыс басшысы Қырымбек Көшербаев назарында ұстап, мүмкіндігіне орай бұл жерге соғып тұрды. Басшының ықпалымен тиісті мекемелермен тиісті келісімдер жасалынып, Сығанақ қаласының орнында ашық аспан астындағы мұражай орналастыру жолдары қарастырылу үстінде. Қазір «Қазқайтажаңғырту» республикалық мемлекеттік қоспорыны ескі қаланың қорғауға алынуы тиіс жана жобасын дайындады. Бұл есеп бойынша қаланың орны 309,6 гектар болса, жалпы қорғалатын табиғи ландшафт аймағы 739,6 гектарды құрайды деп қарастырылған. Осы мәліметтерді 2003-жылдан бері қала орнына археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп келе жатқан Қожа

Ахмет Яссауий атындағы Халықаралық Казак-Түрік университетінің ұстаз-ғалымдары мәлім етті. Сондай-ақ, облыс әкімі Қырымбек Елеуұлы өз сөзінде:

— Облысымызда Қарағанды облысының мәдени күндері өткізіліп жатыр. Өндірісі мен басқа да шаруалары шалқыған аймақ делегациясына шежірелі Сыр өңіріндегі тарихи орындарды тамашалатуды жөн деп таптық. Міне, осы мақсатта өнеркәсіпті облыстың әкімі Бауыржан Әбдішев баспаған белгілі азаматтар осы араға табан тіреп тұр, — деген аймақ басшысы мәні зор деректер мен кейіннен екпін алған жана жұмыстар жобасымен арнайы шақырылған қонақтарды таныстырып өтті. Өз кезегінде делегация басшысы:

— Алты Алаштың анасы болған Сыр ананың бесігінде тербетілген Сіздер бақыттысыздар! Көне тарихты бүгінгімен ұштастыруларыңыз ұрпақ тәрбиесіне игі әсер етеді деп ойлаймын. Сіздерге рахмет! — деп алғыс сезімін жеткізді.

Сол күні облыс әкімі бастаған топ Жаңақорған ауданының Көктөбе елді мекені маңындағы Сырдария өзенінің арасына салынып жатқан үрлемелі су тоспасының құрылысымен де танысты.

Елімізде алғаш қолға алынып жатқан бұл жобаға 1 млрд. теңге бөлініп, ол кезегімен игерілу үстінде. Су тоспасының құрылысы біткен кезде Түгіскен массивінде 30 мың гектарға таяу егістік жер кідіріссіз суландырылатын болады. Нақты кезінде ауқымды нысанның екінші кезектегі жұмыстары атқарылып жатыр. Жақын арада сынақ жұмыстары өткізіліп, қалған тірліктері жүзеге асырылады. Елдің тұрмыстық-әлеуметтік тіршілігіне ерекше серпін беретін үрлемелі тоспа құрылысы облысымыздағы көптеген жақсы бастамалардың жалғасы болмақ.

Нұрмахан ЕІПТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЗАҢНАМАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

Елбасының «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауындағы тапсырмаларын орындау мақсатында Жөне ҚР Үкіметінің 23.01.2013 жылғы кеңейтілген жиналысында қабылданған шешімге сәйкес Қазақстанда зейнетақы жүйесін жаңғырту сатылы түрде жүргізіледі.

Жаңғыртудың негізгі мақсаты зейнетақымен қамсыздандырудың көптегенділі моделін сақтап, жоғалтқан табысын зейнетақы қамсыздандырудың жоғары ставкасымен алмастыра отырып, зейнетақы жүйесінің қаржылық тұрақтылығын сақтауға бағытталған азаматтардың зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы мемлекеттік саясаттың біртұтастығын жасақтау болып табылады.

Жаңғыртудың бірінші кезеңінде «ҚР зейнетақымен қамсыздандыру туралы» ҚР Заңы қабылданды, онда мынадай шараларды жүзеге асыру қаралған:

1) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорын құру арқылы зейнетақы жинақтарын сақтап қана қоймай, оларды бақылау және тиімді орналастыру арқылы зейнетақы жинақтарын өсіру, қамтамасыз ету;

2) ерекше жағдайдағы жинақтардың жұмыс жасауын азаматтардың ерікті жарналарының міндетті кәсіби жарналармен алмастыру. Бұл өз кезегінде ауыр және ерекше жұмыс орындарында жұмыс жасайтын азаматтарға ерте жаста зейнеткерлікке шығуға жеткілікті деңгейде зейнетақы жинақтарын жасауға мүмкіндік береді;

3) әйелдердің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілімін ұлғайту, соған сәйкес олардың зейнетақы жинақтарын көбейту мақсатында зейнетақы жасын бірегейлендіру;

Зейнетақы жасын бірегейлендіру бюджет қаражатын үнемдеу үшін емес, әйелдердің жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін және зейнетақы жинақтарының көлемін ұлғайту үшін ұсынылады, бұл тиісінше, ЖЗҚ алынатын зейнетақы мөлшерінің артыруына алып келуге тиіс. Сонымен, әйелдерге зейнетақы жасын өсіру зейнетақы жинақтарының мөлшерін көбейтуге қосымша мүмкіндік береді.

Реформаға сәйкес жұмыспен қамту барысы бойынша да қосымша шаралар әзірленді. Мемлекет тарапынан жүзеге асырылатын «Жол картасы-2020» бағдарламасы бойынша әйелдер жұмысқа түруде және басқа әлеуметтік қолдау көрсетуде басым құқық берілетін мақсатты топқа жатқызылған.

Бұл бағдарлама 2009 және 2010 жылдардағы «Жол картасы» және «Жұмыспен қамту-2020» бағдарламаларының жалғасы болып табылады.

СЫР САҚШЫЛАРЫНЫҢ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҒЫ

Қызылордалық полиция қызметкерлері «Учаске» алдын алу шарасы кезінде тұрғын үйлерді аралап, тұрғындардың жай-күйімен танысқан болатын. Осы арада Тасбөгей кентінің тұрғыны Жібек Жасымбаеваның 8 бала өсіріп, бірнеше жылдан бері пәтер жалдап тұратындығы анықталды. Алтын құрсақты ананың отбасындағы қиындықтары көрген қалалық ішкі істер басқармасының ұжымы қол үшін созулды ұйғарды.

Тұрақты жұмысы жоқ отағасы Сарыбасов Беріктің құрылыс орындарында мезгілдік жұмыста жүргені белгілі болды. 2012 жылы пәтер кезегіне тұрған оларға

бұл мәселе шешімін табар емес. Шаңырақтағы балалардың үлкені 6-сыныпта оқыса, ең кішкентай егіз қыздары 1 жасқа енді толыпты.

Қызылорда ҚІІБ бастығы Ғани Түрсекеев көпбалалы отбасының жағдайымен танысып, азық-түлік пен қаржылай көмек ұсынды.

Көпбалалы ана Жібек сақшыларға шексіз алғысын білдірді.

Қалдыбек АБДУЛЛАЕВ,
Қызылорда ҚІІБ баспасөз қызметі.

МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ – ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Қызылордада облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалық өтуімен Қазақстан Республикасы Үкіметінің үстеміндегі жылдың 9 айының қорытындысы, сонымен бірге индустриалды-инновациялық бағдарламаны жүзеге асыру барысы туралы Үкіметтің жұмысы туралы өткізген кеңейтілген мәжілісінде қаралған мәселелер жөнінде жиын болып өтті.

Мәжілісте Мемлекет басшысы Үкімет қызметінің басым бағыттары бойынша атқарған жұмыстарына өзара сын берді. Сонымен бірге, Елбасы еліміздің әлеуметтік-экономикалық үдерістерін басқаруда орын алған біртұрақ кемшіліктер мен олқылықтарды атап көрсетті. Нақты айтқанда, өңгіме бюджет саясатын нақтылау, мемлекеттік бюджетті орындау мен жоспарлаудың сапасын көтеру тұрасында болды. Бюджет қаржыларының толық және сапалы игеру маңызды міндет болып табылады. Елбасы бюджет жобаларының қымбаттауына қатысты проблемаларды өткір сынға алды. Бюджеттің сапасыз орындалуы көп жағдайда рұқсат беру рәсімдерінің және келісімдерінің шамадан тыс көп болуынан орын алып отыр. Бұл, сайып келгенде, экономика дамуын үрейін факторлар болып табылады.

Аймақ басшысы үстеміндегі жылдың 9 айында өңір біршама өңдеу көрсеткіштерге қол жеткізгенін атап көрсетті. Бірақ, төкмелісуге негіз жоқ. Бюджет қаржысын игеруде әлі де кемшіліктер бар. Сондықтан облыстық және аудамдық басқарма басшылары, аудан әкімдері өз жоспарларының барынша нақтылап, жылды табысты қорытындылаулары қажет. Бұл үшін күнтізбелік кесте жасалып, қажет болған жағдайда тиісті ведомстволар басшылары бюджет қаржысын игеру жөнінде апта сайын есеп беріп отырулары, түйіндеп айтқанда, желтоқсан айының ортасына дейін барлық проблемалар шешілуі қажет.

Облыста үстеміндегі жылдың 9 айында өндіріс көлеміндегі өңдеу өнеркәсібі 16 пайызға өсті. Сонымен бірге, ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі 3,5 пайызға артты. Экономикаға салынған инвестиция 80 пайызға, құрылыс жұмыстарының көлемі 55 пайызға өсті. 160 мың шаршы метрден астам тұрғын үй алаңы пайдалануға берілді. Баға тұрақтылығы сақталуда. Облыстың тұтыну рыногындағы баға республикада төмен деңгейде сақталып отыр. Жұмыссыздық деңгейі 5,2 пайызды құрайды. Бұл орта республикалық көрсеткіштен төмен. Жыл басынан бері 7 мыңнан астам жа-

на жұмыс орындары құрылды. Аталған кезеңде шоғырландырылған бюджетке 465 млрд. теңгеден астам сапалықтар мен басқа да міндетті төлемдер түсті. Үстеміндегі жылы нақтыланған бюджет 176 млрд. теңгеге жетті. Бұл 2012 жылмен салыстырғанда 36 млрд. теңгеге көп.

Облыс әкімі тиісті орын басшыларына мемлекеттік басқару жүйесі жетілдіру жөнінде мәселе қойды. Бұл тұрғыда Үкімет мәжілісінде Елбасы әкімдер мен орталық мемлекеттік органдардың басшылары төңіректе комиссияларға өздері жетекшілік жасап, оның жұмысына толық жауапкершілікті алу қажеттігін атап көрсеткен болатын. Осыған орай ішкі істер, қорғалатын және қорғалатын жетілдіру бағытталған жан жобасын енгізуі жеделдету қажеттігін тудырап отыр. Сонымен бірге, барлық конкурстар мен аукциондарды орталықтандырып, бұл ұйымдастыру жүйесіне мемлекеттік сатып алу жөніндегі мамандардың штаттары берілуі қажет. Аталмыш құрылымдар жетістіктері бюджетті орындайтын өңірлердің деңгейінде де қаралатын болады.

Облыс басшысы индустриалды-инновациялық жобалардың жобалық-сметалық құжаттарын дайындауға барынша назар аударды. Осы орайда ол мәселені қайта қарап, өз міндеттеріне жеңіл қарайтын мердігерлердің тізімін жасау қажеттігін атап көрсетті. Қазірген бастап өйін міндеттерін сапалы қарайтын компаниялардың бюджет қаржысына қол жеткізуінің жолы кесілетін болады.

К.Көшербаев банк секторының жұмысына көңіл толмайтын мәнмәліде. Осы сала қазіргі таңда облыс экономикасының дамуындағы әлсіздігінің бірі болып отыр. Банк үйімімен және ол қымбатқа түседі. Облыс басшысы осыған байланысты Мемлекет басшысының орта және шағын бизнесті қолдау жөніндегі дәйекті тапсырмаларын мұлткісіз орындау қажеттігін атап көрсетті.

«Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасы шағын және орта бизнесті қолдауды тиімді құралы болып табылады. Индустриаланды-

рудың алғашқы бесжылдығы онды тиімділік берді. Қазір осы қарқынды бәсеңдетпей, екінші бесжылдықтың бағдарламасын сапалы дайындау маңызды болып табылады. Мемлекет басшысы мемлекеттік қолдауға жататын жобаларды талдаудан өткізу кезінде біршама олқылықтарға жол берілетініне назар аударды. Аймақ басшысының сұрауына орай бұл түйткілді мәселенің бізге де қатысы бар. Мысал үшін айтайық, қиыршық тас, асфальт зауыты, картонды қайта өңдеу сияқты жобалар бізде инновациялық жобалар ретінде ұсынылады. Инновациялық жанаалығы қайсы? Бұл жобалардың экспорттық әлеуеті қандай? Дайын өнімдермен қандай рынокқа шығарылуға жетеді? Міне, жобаларды ұсынығанда осы маңызды мәселелер ескеріле бермейді. Сондықтан облыс әкімі Индустриаландыру картасына ұсынылатын жобаларды барынша сүзгілен өткізу қажеттігін атап көрсетті. Облыс басшысы жобаларды жүзеге асыру кезінде инфрақұрылым мәселесін шешу қажеттігін мәлімдеді. Бизнес логистикасыз, инфрақұрылымсыз дамымайды.

Мемлекет басшысы Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде жасыл экономика жөнінде өзекті мәселе көтерді. Осыған орай, энергия үнемдеудің іргелік мәселелерін шешу қажеттігін ұйымдастырды. Қазақстанда жылу жүйелеріндегі шығын 22,1 пайыз, ал Еуроодақта ол орта есеппен 10 пайызды құрайды. Қазақстандық электр жүйелеріндегі шығын 14 пайыз, ал Қытайда, Кореяда және Жапонияда ол 5 пайыздан аспайды. Облыс әкімі біздің аймақта энергия және жылу сақтау мәселелеріне жеткілікті түрде мән берілімі отырығанын атап көрсетті. Осыған орай энергия сақтау шаралары жүзеге асырылып, жақсы алғышарттар қалыптасқан. Облыс үшін ірі жобалар қажет. Өрбір аудан мал шаруашылығын дамыту бойынша бәсекеге қабілетті бір-бір жобадан ұсыны алады.

Облыс әкімі тағы бір маңызды мәселеге назар аударды. Ол әлеуметтік модернизациялау үдерісін күшейту болып табылады.

Мемлекет білім беруді қаржыландыруды 1,7 есеге арттырды. Осыған қарамастан, балабақшалардағы орын жетіспеушілік күрделі күйінде қалуда. Облыс әкімінің атап өткеніндей, Мемлекет басшысының алға қойған «Балапана» бағдарламасын жүзеге асыруда өңір тапсыру үлесінен шықты. Алайда, бұл бағытта мемлекеттік-жекеменшік әріптестік құралы тиімді пайдаланылмай отыр. Облыс әкімі бизнес құрылымдарды бұл үдеріске белсене қатысуға шақырды. Жергілікті атқарушы билік өз тарапынан бұл бағытта қолайлы жағдай жасайтын болады.

Облыстық денсаулық сақтау саласындағы проблемалық мәселелерді шешу үшін «Жол картасы» бағдарламасы жасалып, онда түйінді мәселелерді шешу бағыттары айқындалған болатын. Алғашқы онды нәтижелер байқала бастады. Бірақ көптеген жұмыстар жетілдіріліп, бұл бағытта қолайлы жағдай жасайтын болады.

Облыс әкімі жалдақы бөренеші жөніндегі мәселеге тоқталды. Қабылданған өткір шаралардың нәтижесінде бөренеші көлемі біршама азайды. Осыған қарамастан, жалдақы қарызы 30 мың теңгеге жуықтады. Облыс әкімінің мәжілісте атап өткеніндей, жалдақы жөніндегі бөренеші мүлдем болмауы тиіс. Жалдақы бөренешінен құтылмаған бірде-бір шетелдік компания өз техникаларын алып кетпеуі қажет. Еңбек дауларының тиімді шешу үшін өрбір ауданда еңбек жөніндегі инспектор штатын енгізу керек.

Облыс әкімі аталған мәселелер бойынша барлық бұқаралық апарат құралдарымен түсіндіру жұмыстарын белсенді жүргізу қажеттігін атап көрсетті. Бұқаралық апарат құралдарында маңызды мәселелер көрініс тауып, тұрғындарға экономика, саясат, еліміздің ішкі және сыртқы өмірінен кенінен ақпараттар беріліп отыруы қажет. Өрбір аудан әкімі, басқарма басшылары өз салаларындағы нақты жағдайды ашық және жария түрде баяндап отырулары тиіс.

Облыс әкімі мәжілісті қорытындылай келе, Мемлекет басшысының еліміздің әлемдегі ең дамыған 30 мемлекеттің қатарына кіру жөнінде стратегиялық міндет қойғанын мәлімдеді. Бұл мақсатқа жету үшін бір жана ішкі жалпы өнімнің жоғары көрсеткіштерін жету жеткіліксіз, сонымен бірге адам әлеуетін дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру маңызды болып табылады. Осы маңызды мәселелерді шешу үшін мемлекеттік бағдарламалар қабылданып, еңбекпен қамту, инфрақұрылымды дамыту бойынша, бітім беру мен денсаулық сақтау салаларына мемлекеттік қолдау көрсетілу. Ал осы мақсаттағы мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірі болып табылады.

Ж.ӘЛМАХАНҰЛЫ.

нақталатын зейнетақы салымдарының көбеюіне ықпал етеді.

Зейнетақы жүйесін жаңғыртудың екінші сатысында зейнетақы жарналарының үлгісіздігі мен олардың көлемін ұлғайту мақсатында 2014 жылдың 1-қантарынан бастап әйелдердің бала күтіміне байланысты еңбек демалысында болған уақытында міндетті зейнетақы жарналарының қосымша субсидиялау енгізілетін болады.

Бұл мақсаттарға 2014-2016 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасында: 2014 жылға — 8,8 млрд. теңге, 2015 жылға — 10,1 млрд. теңге, 2016 жылға 11,7 млрд. теңге қаралған.

Әлеуметтік төлемдерді алушылардың міндетті зейнетақы жарналарына есептелетін субсидия мөлшері әлеуметтік төлемді есептеу объектісі ретінде ескерілген табыстан ұсталауының 10% жарна мен әлеуметтік төлемнен ұстатылған міндетті зейнетақы жарналары арасындағы айырмасы мөлшерінде есептеледі. Субсидия мөлшері ең төменгі жалақы мөлшерінен аспайды.

Сонымен қатар, мемлекет, жұмыс беруші мен жұмысшының ынтымақты жауапкершілігі қарастырылған зейнетақымен қамсыздандыру жүйесін жаңғыртудың 2030 жылға дейінгі шаралар кешені жасалатын болады, атап айтқанда:

а) жұмыс берушілер есебінен міндетті 5% жарналар енгізу.

Міндетті жинақтау деңгейі шенберіне өрбір жұмыспен қамту орталықтары еңбек заңдылығына сәйкес біліктіліктің көтеруді, қажет болған жағдайда республикалық бюджет есебінен қайта оқытуды жүргізіп, жана мамандық алуды қамтамасыз етеді.

Әйелдердің зейнеткерлікке шығу жасын сатылы түрде көтерумен байланысты қатерлерді жою үшін Үкімет тарапынан 50 жастан асқан адамдарды жұмыспен қамтудың Кешенді бағдарламасы (бастама 50+) бекітілген.

«Бастама 50+» негізгі мақсаты зейнеталды жастағы адамдарды жұмыспен қамтуға бағытталған және іске асырылатын мемлекеттік және салалық бағдарламалар шенберінде ашылатын жұмыс орындарында жұмысқа орналастыру шараларын қамтиды.

Әйелдер еңбегін көбірек пайдалану, жұмыспен қамтудың дистанциялық нысандарын пайдалану, үй еңбегін дамыту және әйелдер көсіпкерлігін дамыту сияқты шаралар қаралды.

Қорыта айтқанда, зейнетақы жасын 63 жасқа дейін ұлғайту, өз кезегінде жинақтаушы жүйедің қазысу өтілімін 5 жылға ұзарту арқылы жи-

Лиян БОРАНБАЕВА,
Қызылорда облысы бойынша бақылау және әлеуметтік қорғау департаментінің басшысы.

ТОЙДАН КЕЙІНГІ ОЙ

Елбасымыз Н.Назарбаевтың «Жалпыға бірдей еңбек қоғамы» туралы мақаласында еңбекке деген, оның қадір-қасиетіне, құрметіне деген ой-пікірлері баршамызды қуаттандырды. Әсіресе, Президенттің ел-халықтың асыраушысы – ауыл шаруашылығында деген көзқарасы біздің көңілімізге қуаныш ұялатады. Содан да осы сала еңбеккерлеріне құрмет пен қолдау көрсету дәстүрге айналған.

ЕҢБЕК – АСЫЛ МҰРАТ

Жыл сайынғы «Алтын күз» мерекесі биылғы жылы Сыр аймағында өзгеше сипатта мерекеленді. Қойнауы тереннен сыр шертіп, іргетасы қалағанына 195 жыл толған Қызылорда қаласының күні асында өткен шаралар оның мазмұнын байыта түсті.

Киелі де шежірелі Сыр аймағы әлеуметтік-экономикалық, рухани дамуын мекеніне айналған. Бұған біз бір апта бойы дүркірей өткізілген думанды тойда көз жеткіздік. Биылғы жылы еңбек адамдарына көрсетілген құрмет орасан зор болды. Социалистік Еңбек Ері, айтулы азамат Цай Ден Хактын 100 жылдық мерейтойына байланысты ғылыми-практикалық конференция өткізіліп, еңбек адамдарына біртұрақ азаматтың еңегелі өмір жолы дәріптелді. Сонымен бірге, белгілі қоғам қайраткерлерінің мерейтойлары мазмұнды өтуде.

Мереке соңында Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрында биылғы егін жинау науқанының қорытындысы бойынша өндіріс озаттарын марапаттау салтанаты болып өтті. Осы салтанатты шарада облыс әкімі К.Көшербаев еңбек озаттарына жүрек-жарлы лебізін жеткізіп, ауыл шаруашылығы саласының 29 номинациясы бойынша анықталған жеңімпаздарды Алғыс хатпен және бағалы сыйлықтармен марапаттады. Айта кету керек, осы салтанатта облыс басшысы кезінде Социалистік Еңбек Ері атағын мелеген бір топ қариялар мен еңбек озаттарына темір тұлпарларды тарту етті.

Елге сіңірген еңбегімізді елеп, ұрпаққа өнеге еткен игі шаралар үшін аймақ басшысына алғысымыз шексіз. Ең бастысы, Еңбек деген қасиетті ұғым баршамыздың қадірлейтін асыл мұратымыз екенін халық сезіне түсті деп ойлаймын. Сыр бойындағы тағылымды, тәрбиелі шаралар соның жарқын айғағы болды.

Ұзақ ЕСПАНОВ,
еңбек ардагері,
Социалистік Еңбек Ері.

*Қызылорда облысы әкімдігінің қаулысы
2013 жылғы 1 қазан №299*
(Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеудің тізліміне 4525 нөмірмен тіркелген 2013 жылғы 12 қазан)

Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласы аумағындағы Сырдария өзенінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

«Қазақстан Республикасының Су кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Кодексіне, «Қазақстан Республикасының Жер кодексі» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Кодексіне және «Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесі бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 қаңтардағы № 42 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілген жобалық құжаттама негізінде Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласының аумақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимін осы қаулының қосымшасына сәйкес белгіленсін.

2. Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласының әкімдері және «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдайды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р. С. Нұртаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Көшербаев.**

КЕЛІСПІДІ
«Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары комитетінің Су ресурстарын пайдалануды реттеу және қорғау жөніндегі Арал-Сырдария бассейндік инспекциясы» республикалық мемлекеттік мекемесі басшысының міндетін атқарушы
Ж. Нұрсейтов
2013 жылғы «27» қыркүйек

Қызылорда облысы әкімдігінің 2013 жылғы «1» қазан № 299 қаулысына қосымша

Жаңақорған, Шиелі, Сырдария, Жалағаш аудандары мен Қызылорда қаласының аумақтары шекарасында Сырдария өзенінің су қорғау аймақтары мен белдеулерінің шаруашылықта пайдалану режимі

- Су қорғау аймақтарының шегінде:
1) су объектілері және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануы мен қоқыстануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылыстармен қамтамасыз етілмеген жаңа және реконструкцияланған объектілерді пайдалануға бұйыру;
- ғимараттарға, құрылыстарға, коммуникацияларға және басқа да объектілерге реконструкция жүргізуге, сондай-ақ құрылыс, су түбін тереңдету және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, пайдалы қазбалар өндіруге, көбіл, құбыр және басқа да коммуникацияларды төсеуге, белгіленген тәртіптен жергілікті атқарушы органдармен, уәкілетті органмен, қоршаған ортаны қорғау саласындағы

- уәкілетті мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен, энергетикалық жабдықтау және халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органдармен және басқа да мүдделі органдармен келісілген жобасы жоқ бұрғылау, жер қазу және өзге де жұмыстар жүргізуге;
- тыңайтқыштар, пестицидтер, улы химикаттар мен мұнай өнімдерін сақтайтын қоймаларды, көлік құралдары мен ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету, оларды жуу пункттерін, механикалық шеберхана-ларды, тұрмыстық және өнеркәсіп қалдықтарын төгетін құрылыстар, аппараттараларды пестицидтермен және улы химикаттармен топыраттан алаңдарды, авиациялық химиялық жұмыстар жүргізуге арналған ұшу-қону жолақтарын орналастыруға және салуға, сондай-ақ судың сапасына кері әсер ететін басқа да объектілерді орналастыруға;
- мал шаруашылығы фермалары мен кешендерін, сарқынды су жинағыштарды, сарқынды сумен суарылатын егістіктерді, зираттарды, мал көміңділерін, сондай-ақ жерүсті және жерасты суларының микробпен ластану қаупіне себепші болатын басқа да объектілерді орналастыруға;

- жүктелім нормасынан асырып мал жаюға, су тоғандарының режимін нашарлататын мал тоғуты мен санитариялық өңдеуге және шаруашылық қызметінің басқа да түрлеріне;
- су көздеріндегі су көмерінен екі мың метрге жетпейтін қашықтықта орналасқан ауыл шаруашылығы дақылдары мен орман екпелерін улы химикаттармен авиациялық өңдеу және авиация арқылы минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру тәсілін қолдануға;
- концентрациясының жол берілген шегі белгіленбеген пестицидтерді қолдануға қарай үстіне тыңайтқыш себуге, сондай-ақ запарсызандырылмаған көп қосылған сарқынды суды және тұрақты хлороорганикалық улы химикаттарды тыңайтқыш ретінде пайдалануға тыйым салынады.

- Су қорғау аймағында мәжбүрлі санитариялық өңдеу жүргізу қажет болған жағдайда ұыттылығы әлсіз және орташа тұрақсыз пестицидтерді қолдануға жол беріледі.
- Су қорғау белдеулерінің шегінде:

- су объектілерінің салалық және гидрологиялық жай-күйін нашарлататын (ластану, қоқыстану, сарқылу) шаруашылық қызметіне немесе өзге де қызметке;
- су шаруашылығы және су жинайтын құрылыстар мен олардың коммуникацияларын, көпірлерді, көпір құрылыстарын, аймақтарды, порттарды, пирстерді және су көлігі қызметіне байланысты өзге де көлік инфрақұрылымының объектілерін, жанариятылан энергия көздерін (гидродинамикалық су энергиясын) пайдалану объектіле-рін, сондай-ақ су объектісіндегі рекреациялық аймақтарды қоспағанда, ғимараттар мен құрылыстарды салуға және пайдалануға;
- бау-бақша егуге және саяжай салуға жер учаскелерін бұруге;
- су объектілерінің және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ластануын болғызбайтын құрылыстармен және құрылғылармен қамтамасыз етілмеген қазіргі бар объектілерді пайдалануға;

- жекеменшік учаскелерді шалғындандыруға, егін егуге және ағаш отырғызуға арналған жерлерді өңдеуді қоспағанда, топырақ және өсімдік қабатын бұзатын жұмыстарды жүргізуге (оның ішінде жер жұртуға, мал жаюға, пайдалы қазбаларды өндіруге);
- шатыр қалашықтарын, көлік құралдары үшін тұрақты тұрақтарды, малдың жазғы жайылым қостарын орналастыруға;
- тыңайтқыштардың барлық түрлерін қолдануға тыйым салынады;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіптен келісілген жобалары болмаса және мемлекеттік экологиялық сараптамамен, мемлекеттік сараптама-ның оң қорытындыларын (экологиялық және басқа да сараптамалардың қорытындыларын қамтитын) алған жоба-лары болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуника-циялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.

СОРТ АУЫСТЫРУ – ТИІМДІ ӘДІС

Ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіретін құрылымдарға қажетті сорттарды ауық-ауық ауыстырып отыру әлемдік тәжірибеде дәлелденген тәсіл. Өйткені, ондай сорттардың сапасы да жоғары, өнімі де мол болатыны бәсе-неден белгілі. Ал ол сорттарды тексеруден өткізіп отыратын арнайы мекемелер біздің об-лысымызда да бар. Солардың бірі – Кармақ-шы, Жалағаш және Сырдария аудандарын қамтитын Жалағаш мемлекеттік сорт сынау бөлімшесі. Букарбай батыр ауылында орна-ласқан онда жыл сайын күріш дақылының 12-13 сорты сынақтан өткізіліп келеді.

— Осы сорттардың ішінен егістік жерге, ауа райына, түрлі аурулар мен зиянды жөндіктерге төзімділігі, сондай-ақ сорттардың өнімділігі мен шаруашылықтарға келтіретін басқа да пайдалы қасиеттерін зерттеп барып, ауданда-стырамыз, — дейді аталған бөлімше басшысы Батырбай Әбдіреев бізбен әңгімесінде. — Егер жарамсыз сорттар болса, оларды басқа сорттармен ауыстырамыз. Айталық, соңғы он

жылдың көлемінде сынаққа түскен 23 күріш сортына жүргізілген зерттеулердің нәтижесінде 11 сорт аудандастырылды. Оның төртеуі — «Ы.Жақаев атындағы Қазак күріш шаруашы-лығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС-ның «Арал-202», «Ару», «Түгіскен-1», «КазНИИР-5» сорттары болса, алтауы Ресейдің Краснодар өлкесінен алынған. Олар — «Лиман», «Ян-тарь», «Новатор», «Лидер», «Анант», «Фишт» сорттары. Ал «Мадина» сорты казак биология және биотехнология институтының өнімі.

Сорт сынаушылардың негізгі міндеті — ғылыми-зерттеу орталықтарынан шыққан ауылшаруашылық дақылдарының сорттарын сынау учаскелерінде жан-жақты сынақтан өткізу, — деді Батырбай Әбдіреев әңгімесін одан әрі сабақтай түсіп. — Сынақ нәтижесінде сорттар талапқа сай деп танылса, онда олар Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізбесіне енгізіледі.

Қазіргі таңда елімізде күріш дақылы бойынша 26 сорт мемлекеттік тізбеге енгізілген



көрінеді. Соның 14 сорты біздің облысымызда пайдаланылуда.

Бактыбай БЕРДІБАЕВ.

Қызметке конкурс

Қызылорда облысының әкімдігі бес мемлекет-тік әкімшілік лауазымға орналасуға ашық конкурс жариялайды.

Қызылорда облысының кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы. (D–O–1) Қызмет атқарған жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы 140298 теңгеден 189627 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепке алмағанда).

Қызметтік міндеттері: Басқарма қызметін ұйымдастырады және жалпы басшылық жасайды, орынбасарларын мен мекеме қызметшілерінің қызметтік өкілеттігін айқындайды. Өз қызметі шегінде аймақта кәсіпкерлік және туризм саласындағы мемлекеттік саясатын іске асырады. Облыс әкіміне кәсіпкерлік және туризм саласын дамыту бағытында ұсыныстар енгізеді. Басқарманың жұмыс жоһарын, қызметкерлердің біліктілік талаптарын бекітеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- Жоғары экономикалық немесе қаржылық неме-се заңгерлік немесе техникалық (құрылыс, мұнай және газ геология салаларында) немесе мемлекет-тік және жергілікті басқару білімі.
- Жұмыс тәжірибесі келесі талаптардың біріне сәйкес болуы тиіс:
 - мемлекеттік қызмет өтілі төрт жылдан кем емес;
 - жоғары оқу орнынан кейінгі білім бағдарла-малары бойынша шетелдің жоғары оқу орындары-нда Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі бекітілген басым мамандықтар бойынша оқуды аяқтаған жағдайда мемлекеттік қызмет өтілі бір жылдан кем емес;
 - мемлекеттік органдарда басшылық немесе өзге лауазымдарда мемлекеттік қызмет өтілі үш жылдан кем емес;
 - осы санаттағы нақты лауазымның функ-ционалық бағыттарына сәйкес салаларда қызмет өтілі

бес жылдан кем емес, оның ішінде ұйымдардың бас-шылары және олардың орынбасарлары лауазымда-рында екі жылдан кем емес.

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республи-касының Президенті туралы», «Қазақстан Республи-касының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақ-стан Республикасының «Мемлекеттік қызмет тура-лы», «Сыйбалас жеңілорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқық-тық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалар-дың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптас-қан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі.

Осы санаттағы лауазымдар бойынша функцио-налдық міндеттерді орындау үшін қажетті басқа да міндетті білімдер.

Конкурс «Бос әкімшілік мемлекеттік лауазымға орналасуға конкурс өткізу және конкурс комиссия-сын қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2013 жылғы 19 наурыздағы № 06-7/32 бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген азаматтар Қызылорда облысы әкімінің аппаратына келесі құжаттарды тапсырады:

- Филетті орган белгілеген нысандағы өтініш;
- 3x4 үлгідегі 1 фотосурет пен өкілетті орган белгілеген нысанда топырылған аңқета;
- білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- еңбек қызығардан растайтын құжаттың нотари-алдық куәландырылған көшірмесі;
- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ, САУДА-САТТЫҚ

Жеке сот орындаушыларының Қызылорда өңірлік алқасының жеке сот орындаушысы Құдырбаев Н.Ж. төмендегі мүлікке қатысты ағылшын әдісімен (*жогоурылау тәртібімен*) сауда-саттық өткізеді.

Ембергенов Данияр Советұлына тиесілі Қызылорда қаласы, «Аэрофлот» бау-бақша серіктестігінің аумағында орналасқан, алаңы 0,08 га, кадастрлық № 10:156:076:6047. Бастапқы бағасы 800000 теңге. Қатысу үшін Н.Құдырбаевтың есеп-шотына 40000 теңге кепілғақы төлеу қажет.

Сауда-саттық 31.10.2013 жылы сағат 16:00-де Қызылорда қаласы, Бегім ана көшесі №17 үйде ағылшын әдісімен (*жогоурылау тәртібімен*) өткізіледі.

Н. Құдырбаевтың реквизиітурі: ЖСН 800275301502, «БТА Банк» АҚ-дағы КЗ24319К010004255655. Қатысушының өтініші аталған мекен-жай бойынша 21.10.2013 жылдан басталып, аталған әрбір сауда-саттық басталардан бір тәулік бұрын аяқталады. Мүлкті көрсету (*танусы*) 21.10-29.10.2013 жылғы аралықта жұмыс күндері сағат 11:00-де жүргізіледі. Уәкілетті орган нөмірі 27-43-73, анықтама үшін тел: 26-18-33, 87059898469.



«Аграрлық несие корпорациясы» АҚ Қазақстан Республикасы Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі «Агробизнес-2020» бағдарлама аясында аграрлық сектор субъектілерін қаржылық сауықтыру рәсімдері аясында өтінімдер қабылдауды бастағанын жариялайды.

- Рәсімдеуге 2013 жылғы 1-ші қаңтардағы жағдай бойынша қарызы бар ауылшаруашылығы тауар өндірушілері қатыса алады. Қаржылық сауықтыру кезінде қарыз мерзімі 9 жылға дейін ұлғайтылып, есеп субсидия есебінен сыйақы мөлшері жылдық 7% -ке дейін азаюы мүмкін.
- Қаржылық сауықтыруға қатысуға тілек білдірушілер, өздері қарыз алған «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ орталық аппараты мен филиалдарына хабарласулары кажет.
- Қаржылық сауықтырудың рәсімдері мен шарттары туралы толық ақпаратпен www.agrocredit.kz сайтында, сондай-ақ, төмендегі телефон бойынша сұрап білулеріне болады

8 800 080 7080

(Қазақстан бойынша қонырау шалу тегін).

Қызметке конкурс

Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бес мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасуға конкурс жариялайды.

Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің Байоңыр қаласы бойынша секторының жетекші маманы (Е–R–5) -1 (бір) бос орын.

Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауа-зымдық еңбек ақысы 49969-25 теңгеден 67906-93 теңгеге дейін (экологиялық коэффициентті есепте-менде).

Функционалдық міндеттері:

Байоңыр қаласы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек, 18 жасқа дейінгі балалар жәрдемақысын, тұрғын үй көмегін, үйден оқуындағы мүге-дек балалардың жәрдемақысын тағайындау және төлеу, қаражаттың мақсатты жұмсалуын қамтамасыз ету. Аз қамтамасыз етілген отбасыларының «Әлеу-меттік қарта» бағдарламасының дерекқорымен жұмыс жүргізу, «Е-Собес», «Әлеуметтік көмек: АӘҚ, МБЖ, ТК» ИИС-ақОН», «ІБДІ», «Еңбек нарығы», «Акимат», «МТ-102» базалық бағдарламалар жүіле-рімен тиісті жұмыстар жүргізу.

Жеке қабылдауда болған азаматтардың арыз-өтініштерінің мерзімінде орындалуына бақылау жасап, азаматтардан әлеуметтік төлемдер мен жұмыспен қамту жөніндегі түскен арыз-өтініштерін орындау, тиісті орындарға мерзімінде ф№1-ОЛ статистикалық есепті тапсырып отыру, «ARM EUOL» базалық жүйе-сімен жұмыс жүргізу.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын негізгі талаптар:

Жоғары экономикалық немесе ортадан кейінгі экономикалық білімі.

– Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республика-сының Президенті туралы», «Қазақстан Республи-касының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Конституциялық заңдарын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік қызмет туралы», «Сыйбалас жеңілорлыққа қарсы күрес туралы», «Әкім-шілік рәсімдер туралы», «Жеке және заңды тұлға-лардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңдарын, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты стратегиясын білуі;

– осы санаттағы лауазымдар бойынша функ-ционалдық міндеттерінің орындалуы үшін қажетті басқа да білімдер;

– компьютерде жұмыс істей алу мен ұйымдастыру техникаларын құндылықті жұмыста қолдана білу, үздік дипломымен бітіргендер қошталады.

Конкурсқа қатысқысы келген азаматтар Кармақ-шы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағ-дарламалар бөліміне келесі құжаттарды тапсырады:

- өкілетті орган белгілеген нысандағы өтініш;

- 3x4 үлгідегі суретпен осы өкілетті орган белгі-леген нысанда топырылған сауалнама;
- білімі туралы құжаттардың нотариалдық куә-ландырылған көшірмелері;
- еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариал-дық куәландырылған көшірмесі;

5 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілердің тізлімінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда №6697 болып тіркелген) нысандағы денсаулығы туралы анықтама;

6) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің көшірмесі;

7) құжаттарды тапсыру сәтінде уәкілетті орган-мен белгіленген шекті мәннен төмен емес нәтижемен тестілеуден өткені туралы қолданыстағы сертификат. Егер азамат еңбек қызметін жүзеге асырмаған және конкурс жарияланған бес лауазым бойынша жұмыс өтілі талап етілмейтін жағдайларда осы тармақтың 4) тармақшасында көрсетілген құжатты ұсыну талап етілмейді.

Мемлекеттік қызметшілермен тапсырылатын осы тармақтың 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды олар жұмыс істейтін мемлекеттік органдардың персоналды басқару қызметі (кадр қызметі) куәландыра алады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби шеберлігіне және беделіне қатысты (біліктілігін арты-тыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар берілуі туралы құжаттардың көшірмелері, мінздемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар және өзге де олардың кәсіби қызметін, біліктілігін сипаттайтын мәліметтер) қосымша ақпараттарды бере алады.

Әңгімелесуге жіберілген кандидаттар осы кан-дидаттарды әңгімелесуге жіберу туралы хабардар ету күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдар-ламалар бөлімінде мына мекен-жайда әңгімелесуден өтеді: **120500 Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Рүстембеков көшесі №1 үй.**

Конкурсстық комиссия отырысының қорытынды мәжілісі әңгімелесу жүргізілгеннен соң 2 (екі) жұмыс күн ішінде өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар атал-мыш хабарландыру соңғы жарияланған күнінен баст-ап 10 (он) жұмыс күні аралығында тиісінше Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдар-ламалар бөліміне мына мекен-жай бойынша тапсы-рылуы қажет. **120500 Қармақшы ауданы, Жоса-лы кенті, Рүстембеков көшесі №1 үй, 2-қабат.**

Аталмыш лауазымдарға орналасқан азаматтар үшін көтерме шығындар төленбейді, тұрғын үй және жеңілдіктер ұсынылмайды.

Қармақшы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің конкурстық комиссиясы.

Сағындық асыл бейнеңді, аяулы ана

Уақыт, шіркін, неткен жылдам десеңші. Күн кеше ғана арайлы жүзі нұрланып, ақыл-кеңесін беріп, бізді тек қана берекелі іске бейімдеп отыратын асыл анамыз Өтебаева Райзада Әбдіраманқызының бақылық болғанына 40 күн толыпты. Бар ғұмырын бала тәрбиелеуге арнап, жақ ұрпақты ұлағатты білім алып шығуына күш-жігерін, білімін жұмсай білген анамызды, әжемізді сағына еске алмаыз, толқимыз, тебіренеміз.

Алпанын жазуына не шара, шүкір, артында ұл-қыздары, немере-шөберелері қалды, соған тәуба дейміз.

Көктем, жазың көп болғанды күзінчен, Күн күлімдеп тұратуғын жүзіңнен. Көңілің жайнап кетуші едің жасарып, Кішкентайлар еріп жүрсе іздерін. Қандай еді берген кеңес, ақылың, Сол арқылы алдың өмір белесін. Қайран ана, саған ып та жүрсің бе, Түсімізге жиі-жиі енесің. Көзден кетпес келбет көркін, тұлғаң да Орның тұрар жиі кеңес құрғанда, Асыл бейнең жасай берер мәңгілік, Балапартың, біздер аман тұрғанда. *Анамыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дей отырып, 2013 жылдың қазан айының 19-да сағат 16:00-де қонақасыңыз, қыры 20-қазанда сағат 10:00-де болатынын ағайын-туыстарға, құда-жекеаттарға, барша жұрттың есіне салармыз.*



Бодықовтар әулеті, балалары, немерелері-шөберелері.

Үстіміздегі жылдың 9 қыркүйек күні 80 жасқа қараған шағында №210 О.Әбілпаттаев атындағы орта мектебінің ардагері, ардақты ұстаз, аяулы ана, немерелерінің сүйікті әжесі Өтебаева Райзада Әбдіраманқызы дүние

● ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



ЖЕРЛЕС ҚАЛАМҒЕРДІҢ ЖЕҢІСІ

«Бейбітшілік әлемі» халықаралық Қазақ Творчестволық Бірлестігі ұлттық әдебиетіміз бен Отанымыздың дамып, өркендеуіне, ел ынтымағының жауабына көркем шығармашылығымен үлес қосқан қаламгерлерді марапаттау мәзірін сырбойылық қаламгерлермен толықтырды.

Жақында ақын Махмұтбай Әміреєвтің «Ұлт мақтанышы», жазушы Бегімбай Ұзақбаев пен жазушы-сатирик, журналист Н.Елтайдың

«М.А.Шолохов» халықаралық медалімен марапатталғаны жөніндегі ақжолтай хабар жетті.

Қаламгерлердің мұндай құрметке лайық екені көзіқарақты оқырманға аян.

Ал, біз өріптерестерімізге қалам ұшынан шыққан үшқыр туындыларыңыз тәуелсіз еліміздің абырой-беделі үшін қызмет ете берсін деген тілек білдіреміз.

«Сыр бойы» газетінің шығармашылық ұжымы.

● МЕРЕЙТОЙ

Өткен дүйсенбі күні Шиелі ауданының жұртшылығы сатирик-жазушы, белгілі журналист Нұрмахан Елтайдың 60 жасқа толған мерейтойын атап өтті.

Н.Елтай «Жайма базар», «Сүйінші дайындаңыздар», «Беті бүлк етті», «Сыпыра сыйлық», т.б. сатиралық кітаптардың авторы. Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі. Облыстық «Сыр бойы» газетінің оңтүстік аудандардағы меншікті тілшісі.

Аудандық «Салтанат сарайының» жиналған қаламгер шығармаларын құрметтейтін көпшілік Әлімұрыза Ноғайбаевтың өнімен ашылған сахна тамашасына кенелді.

Жаңақорған ауданының «Жаңақорған жаңашасы» әзіл-сықақ

КҮЛКІМІЗДІ КӨБЕЙТЕ БЕР

театрының өнерпаздары – Қалтай Архабаев, Қазыбек Башаров, Әбсұлтан Байкенжеев сатириктің тамаша бейнесін жасаған скетчтерімен ел көңілін көтерді.

Сондай-ақ, шиелілік сықақшы Кенжебай Жүсіпов баптаған жас өнерпаздардың орындауындағы интермедиялар мен №45 «Алтын орта» мектеп-гимназиясы оқушыларының сатирик-жазушы шығармаларын оқуы кеш ажарын аша түсті.

Өнші Әбдірейім Өміров, Жұмабай Шерниязов, Самат Сейтенов кеш қонақтарының көңілін әсем әуенмен тербетті.

Мерейтой иесіне Шиелі ауданының өкімі Мұрат Ерғешбаев жылы лебізін

білдіріп, журналистік қызметіне қоса сатирик жанрындағы тамаша шығармаларымен оқырманның рухани қажетін өтеп келе жатқан Н.Елтайға сый-сипат жасады.

Сондай-ақ, Қызылорда қаласы өкімінің орынбасары Р.Рустемов, Жаңақорған ауданы өкімінің орынбасары Қ.Бүркітбаев, «Сыр медиа» ЖШС бас директоры А.Оңғарбаев, ардагер журналист Ө.Жаппархан, басқа да бірқатар өріптерестері ақ тілек арнады.

Қазақстан Жазушылар Одағы Баскармасы атынан жазушы Бақыт Сарбалаев пен ҚЖО облыстық ұйымының төрайымы Қаршыға Есімсейітова құттықтау сөз сөйлеп, Н.Елтайдың шығармашылық табыстарын ерекше



бағалады және мерейтой иесінің төсіне «М.А.Шолохов» алтын медалін тақты. Ел-жұрттың күлкісін көбейте бер, сатира сарбазы дейміз біз де.

Р.ДҮЙСЕНҰЛЫ.

● СПОРТ

ЖЕРЛЕСТЕРІМІЗ МЫҚТЫЛЫҒЫН ТАНЫТТЫ

Қызылорда қаласында бокстан Қазақстан астаналары болған төрт қала өкілдерінің қатысуымен 1995 жылы өмірге келген және одан жоғары жастағы балғыры қолғап шеберлері арасында турнир болып өтті. Оған Астана, Алматы, Орынбор және Қызылордадан спортшылар қатысып, 10 салмақ дәрежесінде сынға түсті.

Байрақты бөсекеле танымал боксшылар да сынға түсті. Олардың қатарында Астана қаласынан жастар арасында Қазақстан чемпиондары — Мадияр Жанұзақ, Нұрлан Әбжанов, Дәулет Дәуєєнов, Аманжол Ахметов бар. Сондай-ақ, біздің командада бокс-

тан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, студенттер арасында әлем чемпионатының күміс жүлдегері, ересектер арасында Азия чемпионатының күміс жүлдегері Рустам Сыбаев, қарулы күштер арасындағы Әлем чемпионатының қола жүлдегері, ересектер арасында КР чемпионатының қола жүлдегері Камшыбек Конқабаев және жастар арасында Азия чемпионы Тұрсынбай Құлахметовтер ойын көрсетті. Орынбордан келгендер қатарында Владимир Губайдуллин мен Габил Мамедов шаршы алаңда қарсыластарымен қолғап түйістірілді.

Аталмыш турнирде жерлестеріміз жанкүйер сенімінен табыл-



Қос жүлдеге қол созды

Ақтөбе қаласында теннисист Ақтөбе облысы өкімінің жүлдесіне арналған 16 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында турнир өтті.

Аталмыш турнирде жерлесіміз Анастасия Лигай 12 жас аралығында ойын көрсетіп күміс жүлдеге ие болса, Азамат Әшім 13 жас аралығында қола жүлдеге қол созды. Спортшыларды жарысқа Денисеня Дмитрий дайындады. «Нүрсөт» теннис орталығында шеберлігін шыңдап жүрген қос спортшы қараша айында Алматы қаласында болатын турнирге қатысады.



Велоспортшылар табысы

Астана қаласында болған тректен Қазақстан чемпионатында облыстық мамандандырылған балалар-жасөспірімдердің велоспорт жөніндегі №3 олимпиадалық резерв мектебінің спортшылары жасы нәтиже көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша 4 шақырымдық қашықтық бойынша командалық жарыста Пазылбек Жаксылық пен Роберт Гайнеев екінші орынды иеленсе, 160 шақырымдық топтық жарыста үшінші орынға табан тіреді. Ал 80 және 100 шақырымдық топтық жарыста Асылхан Тұрар Дініслам Өмірбек қола жүлдегер болды.



Әділ ТАЛАП.

Шиеліліктер
Тәттімбет
күйлерімен
сусындады

Қарағанды облысының Сыр өңірінде өткізіліп жатқан мәдени күндерінің аясында Қарағанды облыстық академиялық-ұлт аспаптар оркестрі Шиелі ауданындағы мәдениет үйінде өнер көрсетті. Құрамында 50 өнерпазы бар өнер ұжымы Тәттімбеттің күйлерімен қатар күй атасы Құрманғазының да көптеген шығармаларын нәшіне келтіре орындады. Сондай-ақ, көрермендерді Шәмші Қалдаяқовтың бірнеше өңдері тербетті.

Шиеліліктер атынан аудан өкімі Мұрат Ерғешбаев «Тәттімбет» атындағы академиялық-ұлт аспаптар ансамблі өнерпаздарына алғыс сөзімен жеткізіп, алғыс хат табыстады. Сондай-ақ, қонақтардан Қ.Байжанов атындағы Қарағанды қоғамдық бірлестігінің директоры Талғат Ыдырысов көрермендердің ыстық ықыласы үшін алғыс сөзімен білдірді.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.

Шиелі ауданы.

БАЛА ЖАНЫНЫҢ БАҒБАНДАРЫ



көпшіліктің қошеметіне бөленді. Нәтижесінде арнайы номинацияны иелендік. «Ана тілім – тұғырым» атты тәрбиелік кешке қазақ тілі қоғамының өдіскері Нұрбибі Өшимова, «Балдырған» балабақшасының қазақ тілі қоғамының төрайымы Нейла Садуақасова құрметті қонақ болып қатысты. Салтанатты кешті өткізген Айнұр Жолмырзаева аудандық қазақ тілі қоғамының мақтау қағазымен марапатталып, балабақша меңгерушісі Сәуле Мырзабайқызына ризашылық білдірілді. Қарттар күнінде ардагер аналарға, зейнеткерлерге сый-сипат жасалынып, «Жыл жуылын тартатқан – мейрімді ана» тақырыбымен ұжымда 30 жылдан аса қызмет жасаған Жақсыгүл Сағынаеваны зейнеткерлікке құрметпен шығарып салдық. Сондай-ақ, байырғы тәрбиешілер Айғанша Көдірбаева, Баян Арықбаева, Аманкүл Ұзақбаева апайлар мақтау қағаз, бағалы сыйлықпен марапатталды.

Газет – бұқараның көзі, құлағы һәм тілі. Облыс басшылардың қара шаңырағы «Сыр бойы» біздің сүйікті газетіміз. Ұжым мүшелері газеттің көп уақыттан бергі тұрақты оқырманы. Онда жарияланған әрбір мақаланы қызыға оқимыз. Жазар көбейсін, қаламгер қауым.

Сәуле МҰХАШОВА,
№4 «Шұғыла» балабақшасының меңгерушісі.
Қазалы ауданы.

САЯЖАЙ ИЕЛЕРІНІҢ
ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛЕ МЕ?

● АЙТАРЫМ БАР

«Айтпаса, сөздің атасы өледі» дегендей, көкейді тескен, көмекейді бүлкілдеткен ой болғандықтан, бұл мақаланы көп тілегі қолында билігі бар азаматтар құлағына жетер деген үмітпен жазып отырмын. Балабақша ұмтылған жан келіңгі өмірін ансамбль десек те, қолда бар дүниенің азып-тозғанын көргенде өткенді еске оралтпай тұра алмайды екенсің.

Біздің балалық балдауырыміз бен азамат болып атқа мінген кезіміз кеңестік дәуірімен туспайлас келді. Кеңес кезеңінің бір кереметтілігі әрбір адам тағдыры ел тағдырымен байланысты болатын. Өткен ғасырдың 70-80 жылдарында белгілі бір жұмыс орынында еңбек еткен жан өз кезегімен көпқабатты үйден баспана алып, тұрғын үй мәселесін ол-оңай-ақ шешіп тастайтын. Сонымен қатар, әрбір ірі мекеменің өз қызметкерлері мен жұмысшыларына арнаған саяжайлық жерлері болды. Сырдың ыстық аптабы мен аңызғағын қашқандар жаз бойы демалыс күндерін осы саяжайларда өткізетін. Дарияны жағалай салыңған «Сабалақ», «Арай», «Домостроитель», «Энергетик», «Весна», «Электрик» сынды саяжайлар сол дәуірдің игі нәтижелері. Осы саяжайлардың игілігін халық көрді де. Кейін заман тоқырап, ел экономикасы құлдыраған 90-жылдары бұл саяжайлар қараусыз қалды. Кезінде құлпырып тұрған саяжайлар құлазып қалған тұста ондағы жарық, беріп тұрған электр желілері, бағаналары ұрлап, саяжайлар су келетін темір тұрбалар қолды болып кетті. Бүгінгі күні ел еңсесі тіктеліп, қалыңдығын ал-ауқаты көтерілгені өз еншілеріндегі саяжайларына қайта оралып, ондағы тіріліктерін дөңгелете бастағандар санжыкөбейе бастады. Сондай саяжайдың бірі – Қызылорда қапасы мен Сырдария ауданының шекаралас тұсында дария мен Сауранбай каналының иінінен орын тепкен «Весна» саяжайы.

Қазіргі таңда саяжайда 70-тен аса отбасы тұрады. Сырдария ауданына қарасты жерде орналасқандықтан саяжай тұрғындарының талап-тілектері жазылған арызды осы жылдың 24-сәуірінде ауданның бұрынғы өкіміне табыстаған болатынмын. Онда саяжай республикалық маңызы бар аймақ Қараөзек өткелінің тұсында орналасқандықтан бұл жердің тазалығына аса көңіл бөлу керектігі, электр желісін тарту, саяжай тұсынан аялдама, әжетхана салғызу, жол белгілерін орнату және оған дариядан аяқ су келтіретін арық қаздыртып беру сұралған болатын. Бұл талап-тілегіміз жартылай орындалып, осы тұста аудан өкімі өзгерді де жұмыс аяқсыз қалғандай болды. Сондықтан да мен екінші рет осы мәселелерді көтеріп, 24-шілдеде ауданның жаңа өкімі Г.Қазанғаев мырзаға арыздалдым. Оған аудан өкімінің орынбасары С.Нұртөзеевтен жауап келді. Онда «Қызылорда-Жалағаш» автомобиль жолы «Автомобиль жолдары комитеті Қызылорда облыстық автомобиль жолдары департаментінің» теңгеріміне болғандықтан осы жолдың бойында орналасқан «Весна» саяжайының тұсына аялдама, әжетхана салу, автораста бойынғы тазалығын қамтамасыз ету бойынша сол мекемеге ұсыныстар жіберілді делінген. Бізге түсініксіз болып отырғаны аудан территориясындағы саяжай тұсынан бір әжетхана мен бір аялдама салдыру үшін біз облыстық мекемеге жүгінуіміз керек пе? Жер салығын Сырдария ауданына төлеп отырған саяжай егелері осыны түсінбей өуре. Ал, аяқ су мәселесі тіпті де шешімін таппай, саяжайлықтардың еткен еңбек, төккен терлері босқа кетті. Айналып келгенде, биылғы қол жеткізген жетістіліміз саяжайға электр желісінің тартылуы болды. Ендігі үмітсіз қалған тілектеріміздің де іске асырылар күні. Біздің білуімізше, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау баскармасы жыл сайын қоршаған ортаны қорғауға да біршама қаржы бөлетін секілді. Сол қаржының тамшыдайын ғана осы қала төңірегіндегі саяжайларда абаттандыруға жұмсауға болмас па екен? Елбасымыз үкіметке берген тапсырмасында жаңадан гөрі ескі нысандарды жеңдеу, сопарды қалпына келтіруді бірінші кезекке қоыып отырған жоқ па? Саяжайлардың көркейту үшін шырылдап жүрген тұрғындар тілегін кім орындар екен?

М.ҚОШҚАРБАЕВ,
«Весна» саяжайының төрағасы.
Қызылорда қаласы.

«СЫР БОЙЫ» СЫНЫАН СОҢ

Қатаң ескерту
берілді

«Сыр бойы» газетінің 2013 жылдың 24 қыркүйегінде аталмыш басшылығы Арал, Қазалы аудандарындағы меншікті тілшісі Жұмабек Табынбаевтың «Әлсіздіктен өрең өттік» атты мақаласы жарияланған соң ұжым жиналысында талқыланды. Қапқымын көпде сол күні кезекші болған Бижан Нұрнұрға кемшіліктері айтылып, қатаң ескерту берілді. Сондай-ақ, алдағы уақытта мұндай жағдайдың қайталанбауы барлық ұжым мүшелеріне ескертілді.

Серік ӨТЕГЕНОВ,
жеке кәсіпкер.
Қазалы ауданы.



ЖАҚСЫ ЖЫР – ЖАН ДАУАСЫ

Қазіргі таңда қолға алынған «Халық тарих толқынында» атты орнайы тарихи зерттеулер бағдарламасы аясында ұлттық тарихимызда нақты деректермен зерделеп, ұлттың тарихи дүниетанымдық көзқарасын қалыптастыруда көне заманы бал-бал тастар мен үңгірдегі бейнелер және асыл мұра – қол жазбалар мен кітаптардың маңызы зор.

Аталмыш акция аясында Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университетінің ғылыми-техникалық кітапханасы ұжымы да жыл сайын біріне-бірі ұқсаймайтын іс-шаралар өткізіп келеді. Осы оқу жылында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның халық ақыны Фариза Оңғарсынованың «Дауа» атты өлеңдер жинағының насихатталу апталығы ұйымдастырылды. Апталықтың ашылу салтанаты университеттің ғылыми-техникалық кітапханасының оқу залында «Жырмен өрнектелген қыз ғұмыр» атты кітап көрмесі жанындағы өңгімелер басталды. Мұнан соң,

Зұла, менің жыр-күйем, шабыт жегіп, Жер бетіне ғұмырлы жарық беріп... деп ақынның өзі айтқандай жыр күйіменен жарыса шапқан өлең марафоны басталды. Жыр оқу жарысына университеттіміздің бірінші және жоғары курс студенттерімен бірге, облыстық кәсіптік білім беру мекемелері М.Мәметова атындағы гуманитарлық-педагогикалық және И.Әбдікәрімов атындағы агротехникалық колледж

оқушылары да қатысты. Фариза Оңғарсынованың шығармаларын беріле, шабытпен, құмарта, кең кесіле оқыған әрбір жастың келбетіне туған халқын сүюге, құрметтеуге, оның дәстүрлері мен мәдениетін қастерлеуге дайын отансүйіштік рухтың аяғынан айқын сезілді.

Апталықтың келесі күні Студенттер сарайында Сыр бойының ақын қызы Қатіра Жөленованың қатысуымен «Жанарында жыр тұнған» атты әдеби-сазды кешке ұласты. Әдеби кештің маңызы – жастардың Фариза ақына арнаулары және түрлі тақырыптағы өз өлеңдері оқылып, жаңа таланттардың поэзия кеңістігіне құлаш сермегенінің байқалғаны. Акция қорытындысы Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының үлкен мәжіліс залында болып, жас Ақан Нәзігул Бердіқожа төрайымы болған «Жау-қазын» жырсуіер қауымы отауының ашылуы оқырмандарға тың серпіліс берді.

Көрнекті ақын Фариза Оңғарсынованың «Дауасын», атына заты сай кітабын оқи отырып кітаптың шын мәнінде жан дауасы екеніне тағы бір көз жеткізді.

Р.ДОСПАЕВА,
Қорқыт ата атындағы мемлекеттік университеті кітапханасының бөлім меңгерушісі.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі 23-58-02
факс 23-55-37

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәли ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 23-74-62

Бас редактордың орынбасары 23-58-62

Жауапты хатшы 23-76-64

бөлімдер:

руханият және ақпарат - 23-76-34, 23-81-50
экономика - 23-72-38, 23-78-08
әлеумет және саясат - 23-71-70, 23-78-08
жарнамалық - 23-80-38, 23-78-50
есеп-қисап - 23-81-06
заңгер - 23-64-20
компьютер орталығы - 23-77-45
корректор бөлімі - 23-73-39

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шиелі, Жаңақорған: Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-22-46

e-mail: syrboyi@mail.ru

site: www.syrboyi.kz

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күнінің №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Авторларға қаламашы тапсырсы бойынша теленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялаулар газеттің түпнұсқалық көзқарасын білдірмейді. "АҚ" аяғылы қызмет.

Газет редакциясының компьютер орталығында қатталып, "PRINT" баспаханасында басылып, Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49.

Газеттің баспашы салысына "PRINT" баспаханасы - 27-24-94, таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: 120008 Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 60.

Таралымы 21148

Тапсырыс № 540